



Development of agrotourism in kazakhstan main directions

*Жолманова Н.Ж.*¹

*Алимбеков Д.А.*²

Email:

Received 27th Dec2020,
Accepted 15th Jan 2021,
Online 16th Feb 2021

*¹Халықаралық туризм және
меймандостық университеті*

ABSTRACT: In the article, the activity in the field of agritourism is an entrepreneurial activity of the villagers by renting their accommodation to tourists. This is explained by the composition of tourism as elements of other types of tourism. The reasons for the rapid development of rural tourism are the crisis in the agricultural sector and the growth of the organic structure of capital in agriculture. The growth of the organic structure of capital leads to an increase in labor productivity and job losses, which leads to unemployment in rural areas.

KEY WORDS: agrotourism, rural tourism, British organizational model

1. INTRODUCTION

Қазіргі әлемде адамдарды ауылдар, ондағы таза табиғат мен ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігі, сол фермалар мен шаруашылықта жасалып жатқан өнімдер қатты қызықтырады. Қаланың қым-қуыт қарбаласынан шаршаған туристердің ынтасы мен сұранысы жоғары. Осыған байланысты ауыл кәсіпкерлері тиісті жағдай мен қызмет көрсетуді енгізуі және сол арқылы табыс табуы маңызды.

Ішкі және кіру туризмдерін дамытудың бағыттарының бірі – агротуризмді қолға алу болып табылады. Агротуризм саласындағы қызмет - бұл ауыл тұрғындарының өз тұрғын орындарын туристерге жалға беру арқылы пайда табу кәсіпкерлігі. Бұл туризмнің құрамына басқа да туризм түрлерінің элементтері кіреді. Ауылдық туризмнің қарқынды дамуының себептері аграрлық сектордағы дағдарыс және ауыл шаруашылығында капиталдың органикалық құрылымының өсуі болып табылады. Капиталдың органикалық құрылымының өсуі еңбек өнімділігінің артуына және жұмыс орындарының қысқаруына әкеліп соғады, бұл ауылдарда жұмыссыздыққа әкеледі. Ауылдық туризмді дамыту ауылдық аймақтардың әлеуметтік дамуының негізгі факторы болып табылады. Оның белгілері:

- ауылдық жерлерден көші-қонды шектейді,
- ауылдық жерлерді «бас тарту» мүмкіндігін болдырмайды,
- ауылдық жерлердегі тарихи ғимараттарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді;
- шаруа қожалықтарын әртараптандырады, фермерлерге жаңа дағдылар береді;
- Тіл және коммуникативтік дағдыларды дамытады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «агротуризм» туризмді дамытудың басым бағыттары ретінде көрсетілген. [1].

Агротуризм келуші қонақтарға орналасу, демалу, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету бойынша, олардың бос уақыты мен спорттық іс-шараларды, балық аулау мен аңшылықты ұйымдастыру, білім мен дағдыларға ие болу, сондай-ақ ауылдық жерде туризмнің белсенді түрлерімен айналысуға мүмкіндікті қалыптастыру мен ұсынуды көздейтін салыстырмалы түрде жаңа және перспективті бағыт болып табылады.

Агротуризмнің тартымды ерекшеліктері таза ауа, үйдегідей жағдай, пәк табиғат, табиғи азық-түлік, тыныштық және салмақты тұрмыс-тіршілік болып табылады. Бұл табиғатқа ұқыпты қарау экономикалық тиімді болатын, жергілікті халықты осы процеске тартуға ықпал ететін қоршаған ортаны қорғаудың қуатты құралы.

Осыған байланысты, өңірде агротуризммен айналысатын ШОБ-ны қалыптастыру және дамыту үшін тетіктердің әдістемелік құралдарын қалыптастырған, қонақ үйлерін ашатын кәсіпкерлерге консультативтік көмек көрсеткен, жергілікті деңгейде ақпараттық қолдау және қонақ үйлерін ілгерілету үшін пәрменді құралды айқындаған жөн[2].

Жалпы батыс елдерінде агротуризм өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында пайда болды. Статистикалық мәліметтерге сәйкес Францияда әрбір үшін турист - ауыл шаруашылығы туристі, Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 10%-ті құраса, Германияда ауыл шаруашылығы туризмінің үлесі 4-5% болып келеді.

Еуропаның көптеген ауылдық аймақтарына арналған жаһандану нарығында ауыл шаруашылығы жерді пайдаланудың ең маңызды нысаны болып қалады. Мұның бәрі бір жағынан ауыстырылатын және ауыл шаруашылық қызметімен толықтырылатын жаңа қызметті іздеу қажеттілігін туғызады. Бұл мәселені шешудің жолдарын іздестіру агротуризмге деген қызығушылықтың жоғары екендігін, ал егер тез дамытатын болса, тіпті көптеген ауылдық аймақтардағы қызметті жандандыра алатындығын көрсетеді. Сонымен қатар агро туризм табиғатты сақтап қалудың әдістерін табуға да мүмкіндік береді. Туризмнің бұл түрінің дамуы ұлттық ауылдық ландшафтыларды қайта құру мен қорғаудың негізгі бағыты болды. Мысалға айтатын болсақ, бұндай жолмен Швейцариядағы альпі шалғайларын, Нидерландыдағы арналар мен диірмендерді және Италиядағы ескі саябақтар мен виллаларды сақтап қалынды. Қазіргі таңда ауылдық туризм аумақтың тұрақты дамуына және экономикалық пайда алуына оң әсерін тигізетін туризмнің ең перспективалы түрлерінің бірі болып табылады. Мысалы, Францияда әрбір үшінші турист ауылдық турист болып табылады, ал Ұлыбританияда ауылдық жерлердегі бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің 10% -ы, Германияда- 4% ауылдық туризм саласында қызмет көрсетеді. Әлемнің барлық аймағында ауылдық туризмге деген қызығушылық бар және де әрбір ел бұл саланы дамытуда өзіндік моделін жасағысы келеді. қазір Еуропа елдерінде ауылдық туризмді ұйымдастырудың ұлттық модельдері құрылған. Оны төмендегі суреттен көре аламыз.

Ауылдық туризм Британияның оңтүстік бөлігінде жақсы дамыған. Бұл ел астанасының жақын орналасуына, өз кезегінде туристердің көп келуіне және де алғашқы мәдениет ескерткіштерінің көптігіне байланысты. Сол себепті қазіргі уақытта Шотландия және Солтүстік Ирландияда агротуризмге мемлекет тарапынан қолдау көрсету қарастырылған. Жалпы Ұлыбританияда ауылдық агротуризмнен түседі. Британдық ұйымдастыру моделі. Бұндағы ауылдық туризм туристерді орналастыру жүйесімен ерекшеленеді. Туристер арасында орналастырудың негізгі 3 түрі танымал болып келеді:

1. Фермердің үйіндегі, тамақтандырудан тек таңғы ас қосылған (farm B&B). Бұл жағдайда туристер фермердің отбасымен тікелей байланыс жасай алады;
2. Өз-өзіне қызмет көрсететін, бөлек үйлерде орналыстыру (self catering unit). Әдетте қайта жасалынған қоймалар болып келеді;
3. Орта есеппен 8-15 турист сиятын, жеке орналасқан орындар(bunkhouse). Оған ұйықтауға арналған, ас үй және жуыну бөлмелері қарастырылған қоймалар жатады.

Үшінші орналастыру орындары аса үнемді әрі қолжетімді болып келеді, себебі орта есеппен алғанда оның 1 күндік құны бір туристке 10 доллардан келеді. сол себепті бұл орналастыру орындары жастардың, әсіресе студенттік топтардың негізгі тағдауы болып отыр.

Алайда бұндай қолжетімді бағалар Ұлыбританияның барлық аумағында мүмкін бола бермейді. Көптеген аймақтар VIP-туризмді дамыту орындарына айналып, тек бай халыққа ғана қолжетімді болып жатыр. Бұнда «люкс» санатына жататын негізгі екі түрлі орналастыру орындарын бөліп көрсетуге болады:

- толықтай қайта жөндеуден өткен ескі үйлер;
- ұлттық стильдегі жаңадан салынған мини-отельдер немесе үйлер.

Британдық ұйымдастыру моделі тек орналастыру орнымен ғана емес, сонымен қатар туризмнің түрлерін біріктіруімен де ерекшеленеді. Ауылдық туризм бағдарламасына танымдық туризм элементтері де кіреді және де спорттық шараларды да көрге болады: жаяу және велосипедпен серуендеу, ат қа және понилерге міну, футбол, гольф, крикет ойнау және т.б. Ұлыбританияда атқа міну мен гольф ойнау мәдениеті өте жоғары. Сол себепті көптеген фермерлер өз фермаларындағы ауылдық туризм бағдарламасына міндетті түрде осы спорт түрлерін қосады. Британдық ұйымдастыру моделінде балаларға экологиялық тәрбие (экотуризм элементі) беруге көп назар аударады. Бұған байланысты фермаларда үй жануарларының төлдеріне арналған қоршау жасау жұмыстары жүргізіледі. Фермаға келген балалар осы төлдерге қарап, қамқорлық көрсету арқылы табиғатқа деген жауапкершілікті түсінеді. Ауылдық туризм Еуропа елдерінде туризмнің аса тартымды түрлерінің бірі ретінде кең түрде дамып келеді. Алайда, дамыған еуропалық мемлекеттер ауылдық туризмді негізгі табыс көзі емес, агробизнесті әртараптандыру құралы деп санайды. Қорыта келгенде, ауылдық туризм тұрақты даму талаптарына негізделі отырып, белгілі бір аймақтың экономикалық және әлеуметтік жағдайын көтеруге септігін тигізе алады[3].

Ауыл туризмі дегеніміз ауылдың тыныс-тіршілігімен танысу үшін, демалып, серуен құрып және ұлттық дәстүрмен танысу үшін жасалған саяхат. Шет мемлекеттерде туризмнің бұл түрі айтарлықтай жақсы дамыған. Айтар болсақ Италия бұл салада көш бастап тұр. Жыл сайын оған 2 млн. туристер келіп, 450 млн. доллар табыс алып келеді. Ауыл туризмінің маңызы сонда ол қазақтың қаймағы бұзылмаған, салт-дәстүрі сақталған ортасы. Қазақтың тарихы ауылмен біте қайнасып жатыр. Осындай қасиеттерге ие ауыл туризмі туризмнің басқа салаларынан ерекшеленіп, туристерді қызықтырады. Ауыл туризмінің пайдалары:

✓ XXI ғасыр урбанизация кезеңі. Бұл үрдіс біздің елде де байқалуда. 54% қала халқы 46% ауыл халқынан басым түсіп отыр. Күннен күнге қала халқының өсуі ауыл туризмінің дамытудың негізгі себебі болып табылады. Қаланың қарбалас тіршілігінен, шуы мен экологиясынан шаршаған қалалықтардың таза ауаға шығып, серуендеуді қалауы, тыныштықта отырып бой сергітіп, табиғи нәрлі тағамдардан дәм татып демалуды аңсауы заңды нәрсе. Яғни ауыл туризмі ең алдымен қалалықтардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасайтын болады. Бұл өз кезегінде ауыл мен қала арасындағы көпір қызметін атқармақ.

✓ Бүгінде көптеген ауыл тұрғындары жұмыссыз. Ауыл туризмінің дамуы ауылдағы жұмыссыздық проблемасын шешетін болады. Ауыл адамдары туристік қызмет көрсету арқылы шағын және орта бизнесті дамытады. Ауыл ішілік ақша айналымы қалыптасып, тек туристік емес сонымен қатар жанама салалардың да (сауда, спорт, мәдениет) өсіп өркендеуіне жол ашылады. Осылайша ауылдың әл-ауқатының жоғарылауына, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне оңтайлы жағдай қалыптасады. Еліміздің экономикалық әлеуеті туристердің есебінен арта түсетін болады.

✓ Ауыл тұрғындары үшін бос уақытын тиімді пайдаланып, соңғы жолдауында елбасымыз айтқандай қала мен ауыл арасындағы білім айырмашылығы жақындай түсуіне оң әсер ететін болады.

✓ Ауыл туризмі өз кезегінде ауылдың экологиялық жағдайының жақсаруына алып келеді. Табиғатты қорғау, тарихи ескерткіштерді сақтау және қайта жөндеу қолға алынады.

✓ Шетел туристері үшін ауыл туризмі өте қызықты болады. Себебі олар ауыл арқылы өзіміздің ұлттық мәдениетімізбен, дәстүрімізбен жақынырақ танысады. Салт-жоралғыларымызды өз көздерімен көріп, тамашалай алады. Бұл Қазақстанның әлемге танылуының, еліміздің халықаралық аренадағы абыройының өсуіне алып келеді. Шет мемлекеттермен байланысымыз нығайып, күшейе түседі, бейбітшілікте өмір сүру саясатын жүзеге асырылуына жағымды әсер етеді.

Жоғарыдағы айтылып өткен ойлардан ауыл туризмінің қызметін екі бағытқа бөліп қарастырсақ болады. Біріншісі ол өз еліміздің қалада тұратын азаматтары үшін болады. Олардың ауылға келіп таза ауада серуендеуіне, ұлттық тағамдар жасауына, атқа мініп көңіл көтеруіне, суға түсіп шомылуына мүмкіндік жасайды. Екіншісі ауыл туризмі арқылы шетел азаматтарына ұлттық болмысымызды таныстыру. Қазіргі таңда кейбір жалған фильмдер (мысалы Борат) арқылы Қазақстан жайлы қалыптасқан жағымсыз ой-пікірлердің жойылуына себеп боламыз. Сондықтан оларға ерекше көңіл-күй сыйлап, таңдандыру үшін ауыл туризмін дамытуымыз қажет.

Ендігі кезекте ауыл туризмінің дамуы үшін келесі шараларды қолдану тиіс деп ойлаймыз. Ең алдымен, бизнесті көркейту үшін қазіргі таңдағы кең қолданылатын тәсіл ол – жарнама. Жарнама арқылы туризмнің бұл түрін ауылдар мен аудандарға, қалаларға, сонымен қатар алыс жақын шет елдерге таныта аламыз. Ауылдың көркем табиғатын, клиентке қызмет көрсету сапасын, ем-дом қабылдау түрлерін, ұлттық спорт пен ұлттық ойындарды, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің үлгілерін керемет үйлесімділікпен әр түрлі форматтағы видеороликтер көмегімен әлеуметтік желілер мен танымал сайттарға жүктеп тарата аламыз. Одан кейінгі мәселе ауыл маңына қажетті инфрақұрылымдар салу. Қазіргі кездегі ауыл туризмінің дамуына негізгі кедергілердің бірі болып отырғаны да осы. Ауыл мен қала арасын қосатын сапалы магистральдар жеткіліксіз. Туризммен айналысуға бейім ауылдардың көбі қалалы жерден алыс болады. Сондықтан олардың арасындағы қарым-қатынастың қамтамасыз етілуі аса маңызды. Осыменен біз туризмнің бүгінгі таңдағы маңызды экономикалық сала екендігін көрсетіп бердік. Оның дамуы мемлекетке де, қарапайым халыққа да және туристердің өзіне де пайдалы. Себебі мемлекет туристердің есебінен елімізге қосымша валюта қосылады, ақша айналымы ұлғайып, инфляцияның азаюына септігін тигізеді. Қарапайым халық болса жұмыспен қамтылып, еңбекке белсенді араласады және әлеуметтік жағдайы жақсарыды. Туристер үшін демалыс уақытын тиімді пайдалануына, көкжиегін арттыруына, жаңа достар, жаңа білім алуға және күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәтке арылып, рахаттанып демалуына, жаңа күшпен өмірін қайта бастауға мүмкіндік береді. Ал ауыл туризмі жоғарыдағы қажеттіліктердің баршасын қанағаттандыра алады. Сондықтан ауыл туризмі еліміздің туризм саласының дамуында елеулі рөл атқарады және зіннің әмбебаптылығымен ерекшеленеді.

Қазақстанның барлық өңірлерінде агротуризмді дамытуға болады. Әрбір облыста өзгеше табиғат және ауыл шаруашылығы қызметі ерекше сипатқа ие. Соңғы уақытта туристер сиыр сауу, шөп шабу, картоп егу сынды демалыстың белсенді түрлерін таңдайды.

Қазіргі уақытта қазақстандық ауылдар өткен ғасырдың соңында мемлекетімізге келген дағдарыстың нәтижесінде пайда болған әлеуметтік-экономикалық мәселелер бар. Соңғы онжылдықта байқалатын отандық агроөнеркәсіптік кешендері өндіріс көлемінің біртіндеп өсіміне, мемлекет тарапынан ауылдық территорияларды дамыту мәселелеріне назар аударуына қарамастан, ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайының деңгейі қарапайым сынды да көтере алмайды. Инфрақұрылымның төменгі деңгейде жабдықталуы, төмен жалақы көлемі, ауыл тұрғындары өзінің интеллектуалды әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігінің болмауынан қалаға қоныс-аударуы, сондай-ақ ішкілікке салыну, нашакорлықтың таралауы, ауыл жасөспірімдерінің жалпы рухани және адамгершілік мәдениетінің төмен болуы, және т.б. қазақстандық ауылдарда тараған өмірдің жағымсыз жақтарының қысқаша тізімі.

Жоғарыда аталған мәселелер пайда болған дағдарыстарыстан шығатын жолдардың ерекше жолдары мен жылдам шешімдерін табуы қажет етеді. Және осы қалыптасқан жағдайды жақсарту және түзету үшін,

сонымен бірге ауыл экономикасын дамытуды ынталандыру бағыттарының бірі - мемлекетте агротуризмді дамыту.

Агротуризм - туризмнің түрі өзінің бастапқы даму кезеңінде көптеген ауылшаруашылық қауымдастықтар мен фермалардың бар ресурстары негізінде қызмет ете алатын экономикалық жағынан шартты түрде кәсіпкерліктің түрі. Сонымен қатар агротуризм кәсіпкерліктің рентабелді түрлерінің бірі болып табылады. Бұл, агротуристік өнім өзіндік құны төмен болғандықтан басқа туристік қызметпен салыстырғанда жоғары деңгейде бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

Үй шаруашылықтары мен фермалардың, ауылшаруашылық кәсіпорындары өндіретін өнімді жүзеге асыру жағынан қарастыратын болсақ, агротуризм ауылдық жерлердегі бөлшек сауда жасау мүмкіндіктерін ашады. Тікелей сауда нәтижесінде тек қана фермерлер мен шаруашылықтар ғана емес, ауыл қауымы мен шағын жергілікті кәсіпорындар өзінің өнімдер сатуға мүмкіндікке ие болады.

Елдегі агротуризмді дамыту мәселелерін зерттеуді бүгінгі күні тұтынушыға бағытталған заманауи экономикада маңызды рөл ойнайтын тұтынушылық тәжірибе (customer experience) сапасын арттыру мәселелеріне маңызды назар аудару қажет.

Қазіргі уақытта тұтынушылық сұраныс құрылымында туризм индустриясында пайда болған жаңа дәстүрлердің негізінен басталатын үлкен өзгерістер байқалуда. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, заманауи туристерге әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан жерлердегі тарихи құндылықтар мен ерекше мәдениеттердің ерекшеліктері есте қаларлық сезімдер ұнайды. Осылайша, негізделген, ойластырылған тұтынушылық тәжірибені құру туристік қызметтер ұсынатындарға үлкен экономикалық табыс алуға мүмкіндік береді. Ерекше өнімдерді құру үлкен табыс алудың, «клиенттердің лояльдылығы - customer loyalty» қамтамасыз етудің және қанағаттану деңгейін арттырудың басты факторы болып табылады.

Қазақстан Республикасында агротуризмді дамытудың негізгі бағыттары ретінде келесілерді атауға болады:

- ауыл экономикасын диверсификациясы, ауылшаруашылық емес қызметті дамыту, тұрғындардың экономикалық белсенділігін арттыру және оның табыстарын қалыптасу көздерін кеңейту;
- ауылдық тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту, ауылдағы жас мамандар мен жас отбасыларын баспанамен қамтамасыз ету, сонымен бірге кешенді шағын құрылыстар жүргізу;
- білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт қызметтерінің сапасын жақсарту, сонымен қатар, ауылдағы инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің құрылысы;
- ауылдағы жаңа бастамаларға қолдау көрсету, ауылдың өмір сүру қалпы туралы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы – әр түрлі табиғи, мәдени және адами әлеуетке ие ірі аграрлық аудан. Сондықтан бірінші тапсырма аясында аграрлық туризм бойынша бағдарламалық шараларды қарастырылады.

Қазақстанда аграрлық туризм таралуына Ақмола, Алматы және Шығыс-Қазақстан облыстарының әлеуеті келеді.

Өкінішке орай, Қазақстан Республикасында бар аграрлық қызметтің нақты мысалдарына карамастан, агротуристік қызметті арнайы реттейтін нормативті-құқықтық базаның мүлде жоқ.

Біздің еліміздің ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы аймақтық және жергілікті жағдайлардың алуан түрлілігін ескере отырып, эоагротуризмнің ұлттық даму концепциясы бір ғана агротуристік нарықтың даму және ұйымдастыру моделіне қосылмауы қажет. Ол Қазақстан үшін бірнеше перспективті жағдайларды біріктіруі керек. Соның ішінде әр түрлі туристік аймақтарда әр түрлі бағдарламаларды әзірлеу үшін нақты жағдайы мен мақсатына байланысты модель құру қажет.

Біздің ойымызша, Қазақстан жағдайында агротуризмді келесі бағыттарда даму модельдерін ұсынуға болады:

Ауылдық жерде бар туристік ресурстардың: орналастыру орындары (шағын отбасылық қонақ үйлік шаруашылық) және агротуризм инфрақұрылымы (агротуризмді қамтамсыз етумен байланысты әр түрлі агротуристік объектілер мен бизнес түрлерін қосқанда) негізінде шағын, жанұялық және жеке агротуристік бизнесті дамыту арқылы аймақтық агротуристік желілерді құру. Ауылдық жер территориясында тиімді жұмыс жасайтын жеке агротуристік шаруашылық желілерін ұйымдастыру аймақ деңгейінде мемлекеттік қолдау жүйесін құру. Осы модельді жүзеге асыру аясында агротуристік бизнес суюбъектілерінің одағын құруға маңызды назар аудару қажет. Бұл одақ агротуристік бизнесті ұйымдастыру, құқықтық реттеу, алғашқы ақпараттық қамтамсыз ету, микронесиелендіру арналарын ұйымдастыру, агротуристік өнімдерді жылжыту саласында жарнамалық және маркетингтік қызметтерді ұйымдастыру, турөнімді ақпараттық формаға а ауыстыру және т.б. қызметтер атқаруы тиіс.

- Сол жердегі мекендейтін халықтың әлеуметтік-мәдени ортасын құру – «тарихи ауыл», «ұлттық ауыл» немесе басқа да типтегі тарихи объектілердің әлеуметтік-мәдени ортасын қайта құру. Егер де осы модель агротуризм даму тұжырымдамасының негізі болатын болса, аймақтық және жергілікті деңгейде мәселелері шешілуі керек. Бұл жол ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде нормативтік-құқықтық қамтамсыз етуді, сондай-ақ сыртқы және ішкі инвестициялардың құйылуын, арнайы кешенді жобаларды әзірлеуді, ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысын қажет етеді.

Туристерді қабылдау мен толыққанды демалысты қабылдау мен ұйымдастыруға бағытталған ірі және шағын агротуристік объектілерді құру. Бұған арнайы орталықтар (спорттық, мәдени, аспаздық және т.б.), арнайы стилдегі «агротуристік ауылдар», сондай-ақ «балықшылар», «аңшылар ауылдары» және т.с.с кіреді.

Тиісті орналастыру орындары мен инфрақұрылымы бар көпфункционалды туристік, көрсемілік, жарнамалық, мәдени-насихаттық, ғылыми-зерттеушілік, өндірістік және т.б. ірі мемлекеттік және жеке ауылшаруашылық парктерін құру. Мұндай модельді жүзеге асыруда, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, аграрлық салаға жауапты мемлекеттік сектор, ведомство жүзеге асырып, тиісті кешенді жобаларды әзірлеуге жеке және мемлекеттік инвестициялар тартылуы қажет.

Жоғарыда қарастырылған агротуризмнің модельдері әлемдік экономикада белгілі бір деңгейде апробацияланған. Қазақстандық ауылдардағы агротуризмді дамыту тұжырымдамасы кешенді сипатта болады және болуы тиіс. Әр алуан табиғи және басқа да айырмашылықтар мен ерекшеліктері үшін еліміздің территориясында барлық төрт моделдің де қағидаларын қоса алады, дегенмен оларды практика жүзінде жүзеге асыру аймақтардың деңгейіне тікелей байланысты.

Қарастырылған модельдердің әрқайсысы үш деңгейлі биліктің әр түрлі дәрежеде қатысуын қажет етеді. Мұны аймақтық кешенді тұжырымдамалар мен модельдер тандау кезінде ескеру қажет. Билік саяси қолдауынан бөлек, агротуризмнің дамуына нормативтік-құқықтық, қаржылық, ақпараттық және ұйымдастыру, кадрларды даярлау мәселелерін шешу қажет.

Сонымен қатар, қазақстандық туристік индустрияның секторы ретінде агротуризмді дамыту биліктің, бизнестің, жергілікті қауымдастықтың және барлық деңгейдегі үкіметтік емес ұйымдардың қызығушылықтарының өзара әрекеттестігін талап етеді. Осы үдерісті үйдестіру үдерісінде жергілікті деңгейде құрылған қауымдастықтар мен одақтар маңызды рөл атқарады.

Библиографиялық тізім:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ. [Электрондық ресурс]. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>

2. Здоров А.Б. Организационно-экономические основы развития аграрного туризма. Автореф. дисс. д. с.-х. наук. – Москва, 2015. – 48 б.
3. Гварлиани Т.Е, Бородин А.Н.: Сельский и аграрный туризм как специфические виды туризма. TerraEconomicus. Ростов-на-Дону, 2011.Т. 9. № 4. Ч. 3.- С. 61-65

